

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Железин ауданы білім беру бөлімінің « Ецбекші негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ**

9 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысының

**Хаттамасы №2**

Жалпы ата-ана саны – 4

Қатысқаны – 4 ата-ана

Қатыспағандар саны: 0

Жиналыстың өткізілу уақыты: 08.01.2026 ж

Себеітісі: 0

**Күн тәртібінде:**

- 1) Білім алушыларды қорытынды аттестаттау(БАҚА) өткізілуі ережелері және қорытынды аттестаттауға дайындық туралы;
- 2) I жартыжылдық қорытындысы;
- 3) Оқушылардың сабаққа қатысуы, ынтасы және үлгерімі;
- 4) Әртүрлі сұрақтар.

**Тыңдалды:**

Бірінші сұрақ бойынша басшының оқу жұмысы орынбасары Ибрагімова Сабира Ханнановна сөз сөйледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың жалпы ережелері мен мерзімі, қандай пәндерден болатыны, таңдау пәндері мен аттестатталу ережелері ата-аналарға түсіндірілді. Бағалардың және таңдау пәндерінің алдағы арнайы орта оқу орындарына түсудегі маңызы туралы айтылды. Ұйымдастырылған консультацияларға оқушылардың қатысуы маңыздылығы түсіндірілді.

Екінші сұрақ бойынша сынып жетекші Матенов Нартай Макенулы оқушылардың 1-жартыжылдық бойынша қорытынды бағалары жөнінде мәлімдеді. Оқушылардың қандай пәндерден білімдерін арттыру керектігі және қандай пәндер қиындық тудыратыны туралы ескертілді. Әрбір іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар туралы айтылды.

Үшінші сұрақ бойынша ата-аналар жиналысына шақырылған пән мұғалімдері оқушылардың сабақтағы тәртібі, үлгерімі, қиындықтары туралы әр оқушы бойынша жеке мәлімет берді. Сонымен қоса қиындықтарды шешу бойынша ұсыныстар мен білім деңгейін көтеруге бағытталған шараларды атап көрсетті.

Төртінші сұрақ бойынша ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Сынып жетекшісі сөз сөйлеп қауіпсіздік ережелерімен ата-аналарды таныстырып, оқушылардың қыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалауды ескертті.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. 2-жартыжылдықта оқушының сабаққа қатысуы, дайындығы қатаң бақылауға алынсын, сыныптың білім сапасын көтеруге арналған іс-шаралар жүйелі түрде қарастырылсын.
2. Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындыққа қатысуы ата-аналар тарапынан үнемі қадағаланып отырылсын.
3. Ата-аналар мен сынып жетекшісі, пән мұғалімдері оқушының оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуы үшін бірлесіп жүйелі жұмыстар атқарсын.

**Ата-аналар комитетінің  
төрайымы:**



**А.С.Ибрагимова**

**Хатшы:**



**Н.М.Матенов.**